

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

Баланы емізіктен қалай шығару керек?

Баланы емізіктен шығару – оның дамуындағы маңызды кезең. Алғашқы айларда емізік баланы тыныштандыруға көмектеседі, бірақ жасы ұлғайған сайын оның ұзақ қолданылуы тілекістің дұрыс қалыптасуына, сөйлеуіне және әдеттеріне әсер етуі мүмкін. Емізіктен шығару үшін қолайлы жас – 1,5–2 жас аралығы.

Емізіктен уақтылы шығару неге маңызды?

- Тістің дұрыс шықпауына әсер етуі мүмкін.

- Егер бала үнемі емізікті тістеп жүрсе, сөйлеудің дамуын баяулатуы мүмкін.

- Емізіксіз ұйықтауды қиындатады.

- Балада тәуелділік қалыптастырады – ол емізіксіз тынышталуды қиын қабылдайды.


Баланы қалай дайындау керек?

Емізікті қолдану уақытын біртіндеп азайтыңыз: тек ұйқыға → тек күндізгі ұйқыға → тек төсекте.



Балаға қарапайым сөздермен түсіндіріңіз: «Сен енді өстің, емізік бізге енді керек емес».

Тыныштандыру үшін балама нәрселер ұсыныңыз: сүйікті ойыншық, жұмсақ жамылғы, құшақтау.





Емізіктен шығарудың негізгі тәсілдері

1. «Біртіндеп азайту»

Күн ішінде емізікті алып тастаңыз.

Серуенде және ойнағанда — емізіксіз.

Түнгі ұйқыға ғана қалдырыңыз, кейін ұйықтау рәсімін басқа әдістермен алмастырыңыз.



2. «Қоштасу рәсімі»

Бұл әдіс 1,5–2 жастағы балаларға жақсы әсер етеді:

Балаға емізікті ойыншық сәбиге «сыйлауды», құстарға беруді немесе «емізік періштесіне» жастықтың астына қалдыруды ұсыныңыз.

«Сен енді үлкен болдың!» деп кішкентай қуанышты сәт ұйымдастырыңыз.

3. «Табиғи алмастыру»

Емізіктерді көзге түспейтін жерге қойыңыз.

Жылаған кезде баланы басқа заттарға бағыттап, көңілін ауыстыруға көмектесіңіз.

Қашан маманға жүгіну керек?

Егер бала қатты уайымдап, бір аптадан ұзақ уақыт нашар ұйықтаса, қатты ашуланса немесе қорқыныш байқалса, педиатр немесе балалар психологымен кеңескен дұрыс.